- Что же будет происходить со стоимостью фирмы при повышении курса ее акций? Фирма дорожает, и, наоборот, при понижении курса акций - фирма дешевеет. Поэтому другая фирма может приобрести компанию по очень низкой цене. Менеджеры фирмы должны очень внимательно следить за курсом ее акций, а то может произойти очень неприятный случай, когда ее могут купить другие

4 этап. Закрепление нового материала:

1.Решение задач.

Сейчас, я предлагаю решить задачи. У вас на столах находятся листы с условиями задач. (По окончании решения проводим проверку).

Цена акции 2000 тенге, чистая прибыль на акцию 250 тенге. Определите срок окупаемости акций, если предположить, что вся чистая прибыль будет выплачиваться в виде дивидендов.

2. Работа с тестами.

Тест по теме: Рынок ценных бумаг

1. Рынок ценных бумаг выполняет функции:

- а) централизации временно свободных средств и сбережений собственников для финансирования производства и строительства;
- б) роста дефицита текущего бюджета;
- в) сдерживание перелива капитала.

2. Акция – это:

- а) ценная бумага, дающая право владельцу (акционеру) на получение дивиденда;
- б) ценная бумага, дающая право на получение налоговых льгот;
- в) ценная бумага, дающая право на получение кредита.

3. Фиктивный капитал – это:

- а) титул собственности, дающий право на присвоение дохода в форме процента или дивиденда;
- б) капитал, воплощенный в машинах, сырье, материалах;
- в) разница между суммой цен акций, проданных учредителями на денежном рынке, и суммой реального капитала, вложенного ими в предприятие.

4. Государственная облигация – это:

- а) ценные бумаги, выпускаемые для создания частного капитала;
- б) ценная бумага, свидетельствующая о совладении государственной собственностью;
- в) долговые обязательства правительства;

5. Разбухание фиктивного капитала по сравнению с реальным связано:

- а) с понижением средней нормы процента;
- б) с уменьшением количества акционерных предприятий;
- в) с уменьшением акционерного капитала;
- г) с сокращением государственного долга;

6. Фискальная политика является рестрикционной в случае:

- а) снижения ставки налога на прибыль; б) снижения ставки подоходного налога;
- в) увеличения объема государственных закупок товаров и услуг;
- г) уменьшение объема государственных закупок товаров и услуг.

7. Фондовая биржа – это:

- а) постоянно действующий и управляемый рынок, на котором продаются и покупаются ценные бумаги;
- б) место, где продаются промышленные товары;
- в) биржа, специализирующаяся на торговле фьючерсными (срочными) контрактами.

8. Когда рыночная процентная ставка растёт, текущий рыночный курс облигаций:

- а) понижается; б) остается неизменным; в) повышается;

9. Увеличение отношения «наличность – депозиты» приведет к:

- а) уменьшению предложения денег; б) увеличению предложения денег;
- в) уменьшению спроса на деньги; г) увеличению спроса на деньги.

10. Когда Центральный банк проводит операции на открытом рынке, то изменяется величина:

- а) денежного мультипликатора; б) денежной базы;
- в) денежного мультипликатора и денежной базы; г) спроса на деньги.

11. Дивидендами называется...

- а) доля в акционерном капитале, свидетельствующая о праве собственности в компании;
- б) плата, взыскиваемая брокером с клиента за покупку и продажу ценных бумаг;

в) документ, свидетельствующий о праве на владение имуществом, товаром, производством или о долге, который должен быть выплачен владельцу ценных бумаг;

г) доля прибыли, выплачиваемая владельцам акций по решению собрания акционеров компании.

12. Привилегированные акции, в отличие от обыкновенных:

- а) всегда гарантируют получение большого дивиденда;
- б) дают их владельцам право голосовать на собрании акционеров;
- в) всегда имеют меньшую рыночную цену;
- г) обычно дают преимущества при распределении прибыли акционерного общества.

3. Фронтальный опрос

1. Что интересное вы узнали на уроке?
2. С какими новыми экономическими понятиями вы познакомились?
3. Какую роль выполняют брокеры на фондовой бирже?
4. Кто такие «биржевые спекулянты»?
5. Какова их главная цель?
6. Что такое курс акций?
7. Какие факторы формируют курс акций?

4 этап. Рефлексия

Закончи предложение:

- Самым интересным для меня было...
- Вопросы, рассмотренные на занятии для меня...
- Мне понравилось...
- Теперь я хотел бы узнать...
- Я был бы рад...
- Самым неинтересным для меня было...

5 этап. Задание на дом. Составление тестовых заданий по теме «Ценные бумаги и их виды» с последующей работой в парах. Изучение конспекта.

Үш тұғырлы тілдің болашағы жарқын

Нұрбек Ақтоты Бейсембайқызы
Алматы индустриалды колледжі
ағылшын тілі пәнінің оқытушысы

Максаты:

- Білім алушылардың сөз байлығын, шешендіктері мен тапқырлықтарын дамыту;
- Білім алушыларға қазақ тарихындағы салт-дәстүрлердегі тіл шұрайын таныту, үлгі алуға баулу;
- Елбасымыздың «Үштұғырлы тіл» саясатын насихаттау.

Эпиграф:

«Тіл қасиетті, қасиетті де киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да өміршең күй кеше береді»

Өтілу барысы: интеллектуалды - сайыс.

Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, слайд – суреттер, тіл мерекесі туралы жазылған қанатты сөздер.

«Үштұғырлы тілдің болашағы жарқын»

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар мен студенттер!

Бүгінгі “ Үштұғырлы тілдің болашағы жарқын” атты интеллектуалды сайысымызға қош келдіңіздер!

Ана тілім -ардақтым қасиетім,

Ана тілім -күдірет бас иетін.

Ана тілін сақтайық, көтерейік,

Ата -баба аманат өсиетін.

Good day dear guests and students.

Welcome to our party. I'm glad to see you at our competition, which will be help in the form of competition between our students. I' m sure you will demonstrate what you know about three languages.

Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Ендеше, тілге қандай құрмет көрсетсек те лайық. Тіл мерекесі, тіл салтанаты, тіл қуанышы құтты болсын!

Олай болса бүгінгі сайысқа қатысып отырған сайыскерлерімізбен таныс болайық

1. “Friendship” және 2. “Smile” тобы
Our competition consists of 6 tasks. They are:
I - «Таныстыру» «Introduction»
II - «Аламан бәйге» «Competition»
III - «Poliglot»
IV - «Ең үздік аудармашы» «The best interpreter»
V - «Менің пікірім» «My opinion»
VI тур – «Видеоролик»
Жүргізуші: Ал енді сайысымызды бастайық:
I тур – «Таныстыру» Introduction
Оценка – 10 баллов
“Friendship” Жарыс десе жанамыз
Бүгінгі күн жарыста алғырлықпен аламыз
“Smile” Білікті бірді жығады
Білімді мыңды жығады
II. «Аламан бәйге» «Competition»
Оценка – 10 баллов
1. «Қазақ хрестоматиясының» авторы?
(Ы.Алтынсарин)
2. Give the translation of this word «Railway»
(теміржол)
3. Кому, чему? Қай падеждің сұрағы? (Д.п.)
4. When was born Abai Kunanbaev? (1845 ж.)
5.«Абай жолы» авторы? (М.Әуезов)
6.Части речи, обозначающая предмет?
(Существительное)
7.Орыс алфавитінде неше әріп? (33)
8. Give the translation of this word «knowledge»
(Білім)
9.Орыс тіліндегі тұрлаусыз мүшелері
(Определ.,дополн.,обстоят.)
10.Антоним қандай сөздер? (мағынасы қарама-қарсы)
11.А.Құнанбаев кімнің мысалдарын аударған?
(И.Крылов)
12. Give the translation of this word «Parents» (ата-ана)
13. Слово «белый» по отношению к слову «черный»
(Антоним)
14.Give the translation of this word «Friend» (дос, друг)
15.Тұрмыс-салт жырлары қандай әдебиетке жатады? (ауыз әдебиеті)
16.Неопределенная форма глагола (Инфинитив)
III тур - «Полиглот»
(Түсіп қалған сөздің қазақша, орысша, ағылшынша нұсқасын табу).
Оценка – 10 баллов
1. Ақылдың көркі – тіл, тілдің көркі - ...
Сөз, слово, word
2.Тәрбие басы - ...
Тіл, язык, language
3.Асыл сөзді іздесең,
Абайды ... ерінбе.
Оқы,читай, read
4.Туған тіліне жаны ашымаған ... – жәндік.
Адам, человек, people
5.Кто рано встает, тому ... дает
Бог, құдай, god
6. Жүз теңгең болғанша, жүз болсын
достар, friends, друзей
7. Чистота залог –
здоровье, денсаулық, health

8. – таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі
тау, гора, mountain
9. Птицу узнают в полете, а человека в
жұмыс, работа, work.
10. Жылтырағанның бәрі емес.
алтын, золото, gold
11. Без муки нет
науки, ғылым, science
12. қадірін ауырғанда білесің
денсаулық, здоровье, health
13. Цыплят посчитают
осень, күз, autumn
14. сүйектен өтеді
сөз, слово, word
15. У Лукоморье дуб зеленый, золотая цепь на дубе
том.
И днем и ... кот ученый все ходит по цепи кругом.
ночь, түн, night
Жүргізуші: IV тур- «Ең үздік аудармашы» «Лучший переводчик» «The best interpreter»
(Участник должен перевести данные пословицы на казахский язык) Оценка – 10 баллов
1) Язык мой – враг мой;
2) Like mother, like daughter
3) Не имей 100 рублей, а имей 100 друзей;
4) Старый друг лучше новых двух;
5) Труд человека кормит, а лень портит;
6) Не торопись языком, торопись делом;
7) Better late than never
8) Век живи – век учись
Ал енді келесі турымыз “Менің пікірім” мұнда топтық жұмыс болады Friendship тобы қазақша және де ағылшын тілінде колледж туралы 5-6 сөйлем жазады, ал Smile тобы орысша және де ағылшын тілінде колледж туралы 5-6 сөйлем жазады.
В нашей Республике Казахстан люди говорят более чем на ста языках.
Знание русского и английского языков помогает стать грамотным, эрудированным специалистом во всех отраслях науки и техники. Сейчас наши участники покажут своё мастерство владения этими языками
V тур -«My opinion» «Менің пікірім»
Рассказ о своем колледже (участники должны на русском, на русском и на английском рассказать о своем колледже)
Оценка 50 баллов
VI тур – Видеоролик (ағылшын тілінде видео көрсетіледі оның мағынасын айтып беру). Оценка 30 баллов
Подведение итогов и награждение победителей.
Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында “Үш тұғырлы тілді білу- баянды болашақтың кепілі” деген болатын , сондықтан ана тіліміздің абыройын асырып, мәртебесін үш тілде дамытайық достар.
Үш тұғырлы тілдің тұғыры берік, іргесі мықты болсын деген тілекпен сайысымызды аяқтаймыз.

Осымен конкурсымыз өз мәресіне жетті.
Барлығыңызға рахмет.
Қош сау болыңыздар!

До скорых встреч!
Dear guests and students our competition is over. Good
bye!

Электр энергиясын үнемдеу

Қасымов Азамат Дайрабайұлы
Преподаватель специальных дисциплин
Алматинский индустриальный колледж

Бүгінде Қазақстан ғана емес, бүкіл дүниежүзі табиғи менералды ресурстарды мейлінше үнемдеп пайдалануға қатты көңіл бөліп отыр.

Еліміздің қазіргі қарқынды экономикалық дамуы, күнделікті тұрмыста энергия тұтынудың жаппай өсуі, сонымен қатар, тұтынушылар тарапынан ысырапшылдықтың орын алуы – соңғы кезде энергияны үнемдеу мәселесін мемлекеттік деңгейге қоюға алып келді. Электр және жылу энергиясын, ауыз суды тұтынудың өсімінен туындаған мәселені тек мемлекет шешуі керек деп қарауға болмайды. Оның үстіне энергия өндіретін кәсіпорындарды жаңадан салу қомақты материалдық шығындармен қатар уақыт шығынын да қажет ететінін ескеруіміз қажет.

Міне сондықтан да, әрбір азамат, барлық мемлекеттік және коммерциялық құрылымдар энергияны үнемдеудегі жауапкершілікті түсініп, оған өз үлестерін қосуы тиіс, бұл еліміздің экономикасын тиімді дамытуға және азаматтардың тұрмысын жақсартуға әсерін тигізеді. Өйткені, электр, жылу және су құбырлары желісін тұтынушылардың өздері пайдаланады.

Мамандардың айтуынша біздің елімізде энергия ресурстарын пайдалану тиімділігі бүгінгі күні 30 пайыздан аспайды, яғни, тұтынылатын энергияның үштен екісін ысыраппен пайдаланып отырмыз деген сөз.

Қазіргі уақытта дүние жүзінің барлық өнеркәсібі дамыған елдерінде энергияны үнемдеу мәселелері жоғары қарқынмен шешілу үстінде. Соңғы ширек ғасырдың ішінде энергия үнемдейтін мақсатты саясатты іске асыру есебінен осы Евпорпалық дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің энергияны пайдалану көрсеткішін 30 пайызға дейін азайтуға қол жеткізілді.

Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында электр қуатын үнемдеуге ерекше назар аударатын кездің келгенін айтып өтті. Энергияның тапшылығы экономикалық өсімді тежейтін факторлардың бірі болуы ықтимал. Қазақстан Республикасы Үкіметі мемлекеттік бағдарламалар қабылдап, энергия үнемдеуші технологияларды енгізу, электр энергиясының сараланған тарифтерін енгізу, энергия таратушылардың тұтыну және есепке алу жүйесін дамыту бағытында заңнамалық актілер қабылданды. Әрине, мемлекет еліміздің энергиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Отандық өнеркәсіптің қалыпты жұмыс жасауын, еліміздің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету мақсатында шаралар алатыны, жаңа электр қуатын өндіретін станциялар салуға басымдылық беретіні сөзсіз.

Дегенмен бұның барлығы, қомақты қаражатты, жылу, атом электр станцияларын салу экологиялық жағдайға әсер ететіні белгілі. Қолда барды үнемдеп пайдалану, ысырапшылдыққа жол бермеу бүгінгі күннің талабы.

Әлемдегі барлық электростанцияларының 2,9 млрд. кВт. сағатан асады екені, ал өндірілетін электр энергиясының қуаты 13 трлн. кВт. сағатты құрайды, өндірілетін барлық электр энергиясының 3/5 дамыған елдерге тиесілі: 25% — АҚШ, шамамен 2% — Қазақстан, 18 % - Ресей, 7% — Жапония мен Қытай, 4% — Германия және Канада. Әлемде өндірілетін электр энергиясының 70% қазіргі уақытта Жылу электр станциялары өндіреді, 20% — ГЭС, біршама аз — АЭС және 1% аз — басқа да электростанция түрлерімен, бірақ кейбір елдерде ГЭС (Бразилия — 93%), АЭС (Франция — 77%).

Оқушылардың баянадамасы.

1 оқушы.

Энергия қорларын үнемдеу 21-ғасырдың аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі күнде әлемнің өнеркәсібі дамыған барлық мемлекеттерінде энергия үнемдеу мәселелері қарқынды шешілуде. Көмірмен және көмірсутегімен жұмыс істейтін жаңа ЖЭС салуға инвестициялар тарту экологиялық проблемалардың тереңдеуін білдіреді. Қайта жаңаратын жергілікті энергия көздері, әсіресе электр энергиясынан тапшылық көретін аудандар үшін, орталықтандырылған экономикалық баламалы энергия үнемдеу болып табылады. Осыған байланысты, Министрлікте «Қайта жаңаратын энергия көздерін қолдау туралы» Заңының жобасы әзірленді. Аталған заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы табиғат ресурстарының орынды пайдаланылуы және қоршаған ортаның ластануы, ескірген және «лас» технологиялардың бақылаусыз енуі, қайта жаңаратын қорлардың тиімсіз пайдаланылуы проблемаларын шешу үшін Қазақстан Республикасының тиімді заңнамалық базасын қалыптастыру мақсаты қойылған Жолдауын іске асыруға бағытталады. Қайта жаңаратын энергия көздерін пайдалану үлесін көбейту, өндірістің энергия сыйымдылығын және оның экологияға әсерін, соның ішінде көшетхана газдарының тасталуын төмендету «Қайта жаңаратын энергия көздерін қолдау туралы» Заңын қабылдаудың мақсаты болып табылады. Қайта жаңаратын энергия көздерін – күн, су, жел, жер энергиясын пайдалану негізінде энергия үнемдеу технологияларын енгізу – энергия үнемдеу

жөніндегі іс-шаралардың бірі болып табылады. Компрессор жетегінде пайдаланылатын электр энергиясына қарағанда, жылу энергиясын 3-7 есе артық өндіретін және сондықтан жоғары потенциалды барынша тиімді жылу көздері болып саналатын қондырғылар - жылу-сорғы қондырғылары (бұдан әрі – ЖСК) XX-XXI-ғасырлар аралығында әлемнің жетекші елдерінде кеңінен қолданыс тапқан барынша арзан энергияның дәстүрлі емес көздерінің бірі болып табылады. Жылу сорғылары – шағын үнемді және экологиялық таза жылу жүйелері, олар төмен потенциалды көздерден (су түбінің және артезиан сулары, көлдер, теңіздер, су түбінің жылуы, жер қойнауының жылуы, өнеркәсіптік және тазартылған тұрмыстық ағын сулар, технологиялар циклдардың сулары) жылуды шоғырландыру және оны температурасы барынша жоғары жылу тасымалдау есебінен коттеждерді ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін жылу алуға мүмкіндік береді. Әр түрлі жылу қуатының жылу сорғыларын пайдалану жылумен жабдықтау проблемасын принципалды шешудің жаңа жолдары болып табылады және маусымы мен жұмыс жағдайларына байланысты олардың жұмысында максималды тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. ТМД елдерінде ЖСК енгізу бастапқы стадияда тұр, мысалы, Ресейде 200-ден аса ЖСК бар, ал басқа елдерде, соның ішінде Қазақстан Республикасында – олар мүлде аз. Қазақстан Республикасында жылу сорғыларын пайдалану тиімділігі: - климат жағдайы қатан; - жылына 200-ден 250 күнге дейін жететін жылу беру уақытының ұзақтығына байланысты көптеген басқа дамыған елдерге қарағанда барынша жоғары болады. Өнеркәсіпте жылу сорғыларын пайдалану басымдықтары: • Жылу энергиясының шектелмеген көздерінің болуы, бұл қайта жаңармайтын энергия қорларының (қатты және сұйық отын) үнемделуін білдіреді. • Зиянды қалдықтардың, соның ішінде көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді және күлдің атмосфераға тасталуын қысқарту жолымен қоршаған ортаны қорғау. • Тұтынуына қарай жылу сорғылары қуатының кең диапазоны. Төмен потенциалды жылу көздерін пайдаланып, жаңа энергия үнемдеу технологияларын, соның ішінде жылумен жабдықтаудың жылу-сорғы жүйелерін енгізу, мамандардың бағалаулары бойынша: - органикалық отын шығысын 20-25%-ға төмендету, бұл, өз кезегінде, отынның әр түрін жағудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін елеулі төмендетуге мүмкіндік береді; - көшетхана әсерін азайтуға, - ел аймақтарында экологиялық ахуалды елеулі жақсартуға мүмкіндік береді. Осы қондырғылардың басымдықтары өте жоғары. Жұмсалған электр энергиясының бір киловаттынан 3-7 киловатт жылу энергиясын аламыз. Мысалы, алаңы 300 шаршы метр ғимаратты жылыту үшін жылу сорғысына өте аз электр энергиясы қажет етіледі, яғни 3,5 киловатт қуат. Жылу-сорғы қондырғыларын қолдану кезінде бірнеше шақырым жылу желілерін төсеу және оларды ұстау мен пайдалануға шығын жұмсау

қажеттігі жоқ, бұл ақша қаражаты мен еңбекті үнемдейді. Швециядағы ғимараттардың 50 пайызы жылу сорғыларымен жылытылады. Америкада жыл сайын миллионнан аса жылу сорғылары шығарылады және осындай қондырғыларды пайдалану кезіндегі жағдайлар заңнамада жазылған, мысалы, жылыту үшін органикалық отынды жағуға рұқсат берілмейді. Барлық қайта жаңартатын энергетиканы біріктіру және автономдық экологиялық шағын-станциялар салу дұрыс болар еді. Жел бар болған жағдайда жел энергиясы тұтынылады, жел болмағанда осы уақытта қуат алған аккумуляторлар пайдаланылады. Сонымен қатар артезиан скважинасынан немесе су түбіндегі жылуалмастырғыштан алынған жылу пайдаланылады.

2 оқушы.

Қазақстанда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру шаруашылықтың барлық салаларында қазіргі уақытта энергетикалық, экологиялық және экономикалық проблемалар кешені шешетін басым міндеттер болып табылады. Осы міндетті шешпей елдің дамуын ұстау мүмкін емес.

Мемлекет басшысы энергия үнемдеу саласында жалпы ішкі өнімді үнемдеуді 2015 жылға қарай 10%-ға, 2020 жылға қарай 25%-ға төмендету бойынша міндетті алға қойды.

Энергия үнемдеу саясатын жүргізу үшін негіз қолданыстағы нормативтік база болып табылады. ҚР Президенті 2012 жылғы 13 қаңтарда «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және Кейбір заңнамалық актілерге энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарына қол қойды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы №1404 қаулымен «ҚР энергия тиімділігін арттырудың 2012-2015 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітілді. Бұл өз кезегінде Зандар, НҚА және нормативтер арқылы ынталандыру шаралар кешені.

Өнеркәсіп барлық электр энергияның 70% жоғары тұтынатындығын атап өту қажет. Кешенді жоспар шеңберінде олардың 50/50 (50% қаржыландыру – бұл кәсіпорынның меншікті қаражаты, қалған 50% - бұл мемлекеттік бюджет) энергия аудиті жүргізілді. Энергия аудиті қорытындылары бойынша электр энергетиканы қоса алғанда, өнеркәсіптің энергияны қажетсінуін төмендету үшін жүйелік шаралар өңделді.

Энергия ресурстардың көп өндірілмеген шығындарды біз тұрғын үй және бюджеттік секторда көреміз, осыған байланысты өткен жылдан бастап осы сектордағы бюджеттік қаражатқа «Қазақстандық ТКШ жаңғырту және дамыту орталығы» АҚ энергия аудитін жүргізді.

3 оқушы.

Энергия ресурстарының құны күн санап артып келе жатқан заманда оны үнемді жұмсауға төселу керектігі айпаса да түсінікті. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, еліміздегі барлық энергия

ресурстарының 30 %-ы тұрғын-үй коммуналды шаруашылығына жұмсалады екен. Жылу энергиясының 40 %, электр энергиясының 10 %, су қорларының 16 % шығындарды құрайды. Ал, осы энергия ресурстарының 30 %-ы біздің үйлерімізден жоғалады. 1960-1980 жылдар аралығында салынған үйлердің төбелік жабындары салынғалы жөндеу жұмыстарын көрмеген, жертөлелердің іші суға толған, кейбір пәтерлердің төбелерінен су ағып, үй іші көгеріп кеткен фактілер жиі кездеседі. Дәліздерде есік-терезелер сынған, кейбір үйлерде сыртқы есік деген атымен жоқ. Жылумен жабдықтау жүйелерінің қазіргі жай-күйі тұтынушылар алатын энергияны реттеуге мүмкіндік бермейді. Қазандықтар мен жылу пункттеріндегі жабдықтардың тозығы жеткен, ққбырлар ескірген. Осындай көріністерден кейін біздің энергия шығынымыз Еуропа елдеріне қарағанда неліктен көп деп бас қатырмауға да болады.

Жылу энергиясының 40 %, электр энергиясының 10 %, су ресурстарының 16 % шығындарды құрайды. Ал, осы энергия ресурстарының 30 % біздің үйлерімізден жоғалады. 1960-1980 жылдар аралығында салынған үйлердің төбелік жабындары салынғалы жөндеу жұмыстарын көрмеген, жертөлелердің іші суға толған, кейбір пәтерлердің төбелерінен су ағып, үй іші көгеріп кеткен фактілер жиі кездеседі. Дәліздерде есік-терезелер сынған, кейбір үйлерде сыртқы есік деген атымен жоқ. Жылумен жабдықтау жүйелерінің қазіргі жай-күйі тұтынушылар алатын энергияны реттеуге мүмкіндік бермейді. Қазандықтар мен жылу пункттеріндегі жабдықтардың тозығы жеткен, ққбырлар ескірген. Осындай көріністерден кейін біздің энергия шығынымыз Еуропа елдеріне қарағанда неліктен көп деп бас қатырмауға да болады.

Қазіргі таңда энергия үнемдеу шаралары құрылыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сай құрылысты жобалау және салу кезінде қарастырылады. Термомодернизация жобасының құрамына мынадай жұмыстар кіреді: жылу есептеу құралын орнату, жылу тұтынуды автоматты реттегіш құрылғыларды орнату, үй қабырғаларындағының жылу сақтау қабілетін арттыру, инженерлік жүйелер мен ескі терезелерді ауыстыру. Айтып өткеніміздей, бұл шаралар көптеген қаражат талап ететіндіктен, үкімет тарапынан қаржылай көмек болмаса, тұрғын үй иелерінің шамасы келе қоймайды.

Энергия ресурстарын үнемдеп, туған табиғатымыздың сақталуына үлес қосу үшін аса күрделі техника мен ұзақ уақыттың қажеті жоқ. Тек әркім өзінің әдеттері мен дағдыларына есеп бере қараса, энергияны үнемдеудің бірнеше әдіс-тәсілін көруге болады. Мамандардың айтуынша, энергияны тиімді пайдалана білсек, тұтынып жүрген энергияның 40 %-ын үнемдеуге болады. Кез келген энергия үнемдеу шарасының қайтарымы бар екені белгілі, дегенмен бұл шараларды жеке-дара жасағаннан гөрі кешенді түрде орындаса, энергия үнемдеуге жұмсалған 1 теңгенің 5 теңге болып қайтып келетіні сөзсіз (3).

Егер өз-өзімізді электр қуатымен толықтай қамтамасыз ете алатын жағдайға жетсек, бұл еліміздегі инфрақұрылым секілді басқа да әлеуметтік-экономикалық мәнге ие көптеген мәселені шешіп берер еді. Осы жағынан алғанда, бұл міндетті орындау бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп білемін. Қалай дегенменде, аталған мәселеге жана көзқараспен қарау керек. Мысалы, Жапония энергия өндіруге қажетті шикі заттың 99 %-ын, Франция 96%-ын сырттан сатып алады. Дамыған елдер ішінде АҚШ-тың тұтынатын энергетикалық ресурсының 70 % импорт болса, ал қалған 30 %-ды өзі қамтамасыз етеді. Ал Қазақстан 70 % энергиясын өзінде өндіріп жатыр. Біз энергияның басым бөлігін іште өндіреміз, тек 30%-ын көрші Қырғызстан мен Өзбекстан елдерінен сатып аламыз. Сонда салыстырмалы түрде біздің өндіретін энергиямыз көп, бірақ басқалардан жағдайымыз нашар десек болады.

Біз қайтадан өңдеуші саланы әлі жандыра алмай жатырмыз. Осы ел экономикасына мықтап тқсау болып отыр. Яғни, энергия көздері – мқнай, көмір секілді отын түрлерін экспортқа шикізаттай емес, энергия ретінде шығаруымыз керек. Мысалы, Италияның энергия өндірісі мқнай энергетикасына негізделген. Еліміздің батысында мқнайхимия, газхимия кешендері құрылысын салуды, сондай-ақ, өңірлерді газдандыру саясатын жалғастыру туралы Жолдаудағы Мемлекет басшысының Үкімет алдына қойған өзге де тапсырмасы энергия тапшылығын жою бойынша қозғаған мәселесімен тығыз байланысты деп түсіну керек.

Қазіргі уақытта жел энергетикасын пайдалануды Қазақстан аумағында жүзеге асыру жобалары қарастырылуда. Қазақстандағы шағын өзендер энергия ресурстарының үлкен қорына ие. Тек Алматы облысы бойынша ол 2 млрд. кВт. сағ астамды құрайды. Жаңа энергия көздерін дамыту үшін елімізде заңдық негіз жасалды. Стратегиялық бағдарлама бойынша күтілетін нәтижелерге көз салсақ, Қазақстанда балама энергия көздерін пайдалану үлесін 2012 жылға қарай 0,05 %-ға, 2018 жылға қарай 1 %-ға, 2024 жылға қарай 5 %-ға дейін арттыру көзделіп отыр. Электр энергиясын өндіруде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану үлесін (ірі су электр стансаларын есепке алмастан) 2024 жылға қарай жылына қуаты 3000 МВт және 10 млрд. кВт. сағатқа дейін арттыру жоспарланған. 4 оқушы. Кез келген энергиялық ресурстарды үнемдеу оның жалпы пайдалануын төмендетеді. Сондықтан, электр қуатын, суды немесе жылуды үнемдегенде, ақшанды сақтаумен қатар, бүкіл планетаға ресурстарды үнемдеуге қатысамын. Тұтынушылардың үнемсіз пайдалануынан электр қуатының 20 %-ы ысырап болады екен. Мұндай жағдай бос бөлмеде жарық жанып тұрғанда, теледидарды ешкім көрмесе де, қосып қойғанда орын алады. Бұзылған шүмектен ағып тұратын суық су тамшылары қосыла келе, үлкен тасқынға айналып, ішуге жарамды судың 20 %-ы босқа канализацияға ағады!

Шүмектен үнемі ақырын ыстық су ағып тұрса, бұл бір пәтерді 2 ай бойы жылытуға кететін жылудың жоғалуын соқтырады.

Жылуды сақтаймыз!

Менің үйім орталық жылу жүйесіне қосылған ба?

Жақсы! Онда қыстың күні үй ішінде тон киіп отырмайтын шығармын. Әлде ондай жағдай болып тұра ма?

Қап-ай! Қиын екен! Демек, үйден жылу қашып кеткен ғой. Саңылау тауып, сытылып кеткен. Енді, жылудың қашу амалдарын қарап көрейін:

Терезе мен есік ойықтары арқылы – 50 %;

Терезе әйнектері арқылы – 15 %;

Сыртқы қабырғалар арқылы – 15 %;

Жертөле мен шатырдың жабындысы арқылы – 20%.

Оқытушы:

Еліміздің энергетика саласындағы кешенді мәселелерді шешу тек пайдаланыстағы активтерді қалпына келтіріп, көмірсутегі шикізаттарына тәуелді жаңа энергетикалық қуаттарды ашып қана қоймай, еліміздің энергетикалық балансын баламалы қуат көздерімен толықтыруға да тікелей байланысты. Қазақстанның географиялық қоныстану аймағы жел, күн және су энергиясын молынан пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, қасиетінен айналайын қазақ даласында геотермальдық энергия көздері де жетерлік.

Дүние жүзінде энергетикалық қуат көздерінің балама түрлерін пайдалануға деген бетбұрыс әлдеқашан басталған. Ғалымдардың болжамы бойынша, XXI ғасырдың ортасына таман жаһандық энергетикалық баланстағы баламалы қуат көздерінің үлесі 30 пайызға дейін жетпек. Ал Еуроодақ балама энергетика үлесін 2020 жылдары 20 пайызға, 2040 жылдары 40 пайызға жеткізуді көздеп отыр.

Бұл ең алдымен, планетамыздағы барған сайын күрделеніп бара жатқан экологиялық апат қаупін азайтуға бағытталған игілікті іс. Күннен-күнге өсіп келе жатқан энергетикалық сұранысты қанағаттандыру үшін көмірсутегі шикізатын көптеп пайдалану ауаны ластап, қоршаған ортаның тепе-теңдігін бұзды. Жаһандық жылыну үрдісінде көмірсутегі шикізатынан шығатын зиянды қалдықтардың да әсері мол. Ғалымдардың болжамынша, осы жүзжылдықтың соңына таман ауаның температурасы 6,4 градус жылынып, әлемдік мұхиттардың деңгейі 58 сантиметр көтеріледі екен. Қазірдің өзінде құрлықтарды басып жатқан топан су соның салдары. Сондықтан, әлем сарапшылары энергетикалық қуат шикізаттарына балама табу мәселесін күн тәртібіне батыл қойып отыр. Қазір көмірсутегі шикізатына балама ретінде қарастырып отырған биоотын, жел және күн қызуынан алынатын энергия әлемде өндірілетін электр қуатының 2 пайызын ғана құрайды. Осы реттен келгенде Қазақстанның балама энергия көздері бойынша әлеуеті аса зор.

Жыл қорытындысының деректері бойынша 2011 жылы елімізде балама көздер арқылы алынған

электр энергиясы қуатының мөлшері 423 миллион кВт/сағ.-қа тең болып отыр. Бұл теңізге тамған тамшыдай ғана. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-тың Қазақстан энергетикасындағы балама қуат көздерін зерттеу жөніндегі деректеріне сүйенсек, қазіргі еліміздің энергетикалық әлеуетінде ЖЭО-ның өндіретін электр энергиясының үлесі 88 пайызды, гидроэлектр стансаларының үлесі 12 пайызды құраса, балама энергетикалық қуат көздерінен алынатын электр энергиясы 0,02 пайызды құрайды екен. Солай бола тұрса да, елімізде балама қуат көздері, атап айтқанда, жел, күн және су сияқты балама қуат көздері энергетикалық ресурстарының едәуір бөлігін бере алады.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ-тың деректері бойынша 2030 жылға таман еліміздің 46 ауданында қуаты 1 миллион кВт/сағ. болатын жел электр стансаларын салу жоспарлануда. Бұл бағдарлама жүзеге асса, еліміздің электр энергиясына ондаған МВт қуат қосылады деп күтілуде. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында және Қарағанды облысының Шет ауданында жел электр стансалары орнатылған. Елімізде балама қуат көздерінің әлеуетін арттыруда биоқалдықтардың да әлеуеті мол. Сарапшылардың айтуынша, жыл сайын мал шаруашылығы және құс шаруашылығы шығаратын қалдықтар құрғақ күйінде 22,1 миллион тоннаны немесе 8,6 миллиард текше метр газ, 17,7 миллион тонна өсімдік қалдықтарын құрайды екен. Бұл өз кезегінде 14-15 миллион тонна шартты отын немесе 12,4 миллион тонна мазут деген сөз. Осы шартты отынды пайдалану арқылы жыл сайын 35 миллиард кВт/сағ. электр энергиясын және 44 миллион Гкал жылу энергиясын алуға әбден болады. Технология бар, қаржы бар, әттең, қиындығы көп күрделі жұмыспен ешкімнің айналысуға құлқы жоқ.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ Үкіметтің жоспарына сәйкес, балама қуат көздері арқылы алынатын энергия 2012 жылы жалпы электр энергиясының 0,05 пайызын, 2018 жылы 1 пайызын, 2024 жылы 5 пайызын құрауы үшін жұмыстар жасалып жатқандығын алға тартады. Ал миллиардтаған КВт энергия өндіруге мүмкіндік беретін балама қуат көздері пайдаланылмай жатыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен іс жүзіне асырыла бастаған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасында бұл көкейкесті мәселеге ерекше маңыз берілді. Елбасы таяу болашақта еліміздің жалпы энергия тұтыну көлемінде балама энергия көздерінің үлесін 1 пайызға дейін жеткізу міндетін қойып отыр. Мемлекет басшысының нақты тапсырмасынан кейін ғана сең қозғалатын сияқты. Қазір Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі балама энергия көздерін дамытуға мүмкіндік беретін барлық шараларды қарастыруда.

Алматы қаласына 1000 жыл

Серманизова Бақытгүл Сайлауовна
преподаватель русского языка
Алматинский индустриальный колледж

Мақсаты:

Білімділік: Білім алушыларға Алматы қаласының құрылуы, өркендеуі, елімізде алар орны мен ерекшеліктерін оқып үйрету.

Тәрбиелік: Білім алушыларды әсем қала Алматының тарихымен танысу.

Дамытушылық: Еліміздің Республикалық маңызы бар қаланың болашақта көркейуіне өз үлестерін тигізіп, ластанудан сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Слайдтар, видео, интерактивті тақта.

Кіріспе сөз: Топ жетекшісі: Саламатсыздарма ұстаздар мен білім алушылар. Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Алматы қаласына 1000 жыл».

Республикалық маңызы бар аудан саны 7, жер аумағы 682 км², тұрғын 1703500 адамды құрайтын Алматы қаласына бүгінде 1000 жыл толып отыр. Қаланың тұрақты тұрғындарының көпшілігі қазақтарды құрайды. Қазақтардан басқа орыстар, ұйғырлар, татарлар, украиндар және т.б. тұрады. Яғни көп ұлтты қала болып есептеледі.

Алматы қазіргі таңда-еліміздің ғылыми, мәдени, тарихи, өндірістік және қаржы орталығы.

Біздің заманымызға дейінгі 7- ғасырда- Алматы сақтардың, кейіннен үйсіндердің тұрғылықты жері болған. Оған дәлел ретінде қалада «Есік қорғаны,» онда «Алтын адам», Қарғалы диademасы, Жетісулық «Көркемдік қаласы»- шамдар, Құрбандық шалатын орын, қазан сияқты көне дәуір жәдігерлері табылған.

Бертін келе 1993 жылғы шешім бойынша қала атауы орыс тілінде Алма-Атадан Алматыға ауыстырылды. 1998 жылы 1-шілдеде Алматы қаласының мәртебесі туралы заң қабылданып, Алматы ғылыми, мәдени, тарихи, қаржылық және өндірістік орталық болды. Олай болса осы Алматы қаласының 1000 жылдығына орай өткізілгелі отырған ашық тәрбие сағатымызды ашық дп жариялаймыз.

1-Жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар мен білім алушылар.

Шаттық сыйлар көңілге мереке бұл

Кең сарайдай керіліп кереге тұр

1000 жыл толды Алматы қаласына

Елімізден кетпесін береке бір

2-Жүргізуші: Алматы Қазақстан халқының сүйікті мекені, мақтанышы, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының астанасы. Аталы сөзбен айтсақ, қазақтың жаңа жарқын тарихының ту орнаған жері, басты ордасы.

1-Жүргізуші: 2000 жылдары жағдай өзгере бастады. 2004 жылы әкімдік қаланың 150 жылдығын салтанатты түрде атап өтеді деп хабарланды. Бірақ ақпарат құралдарында ғылыми дәрежесі бар авторлардың «қаланың 150 жыл емес, 1000 немесе одан да көп тарихы бар» деген

мақалалары жариялана бастады. Ақыры қаланың 150 жылдығы ресми мерекеленбегенімен, ақпарат құралдары Алматының өткені туралы көп мақала жариялап атап өтті.

2-Жүргізуші: Шамамен 2004 жылдан бастап қаланың 1000 жылдық тарихы бар деген болжамды негіздеу үшін қызу жұмыс басталды. Академик-археолог Карл Байпақов жуырда өткен «Алматының мәдени жасы – 1000 жылдық тарихы» деген дөңгелек үстелді «талай жылға созылған дискуссияның қорытындысы» деп атады. 2008 және 2010 жылдары да бұл тақырыпқа халықаралық екі конференция арналған.

Біздің заманымызға дейінгі X-IX-ғасырдағы Алматының тарихы Касымова Алуа баяндап берсе.

Айбын Бинұр: 4 ақпан 1854 жыл.Қаланың жаңа тарихы Іле Алатауының баурайында Ресей империясының әскери қамалы Верный қаланған кезеңнен басталады.

1854 жылдың күзінде Верный қамалының құрылысы аяқталды.Верный дұрыс салынбаған,бір жағы кіші Алматы өзенінің бойында орналасқан ағаштан қаланған бесбұрышты құрады. Кейіннен ағаш кірпіш тастарына ауыстырылды.

1 шілде 1855 ж.Верный қаласына казактардың бірінші тобы көшіп келді.1856ж. орыс шаруалары да көшіп келе бастады.Олар қамал жанынан салынған Үлкен Алматы орталығына қоныстанды.Қоныс аударғандардың көбіоіне орай Кіші Алматы бекеті мен Татар (Райымбек)көшесі пайда болды.Бұл жерге татар қолөнершілері мен саудагерлері қоныстанды.1859 жылдың мамырында қоныс аударғандардың саны 5 мыңға жетті.Құрылыс жұмыстарына инженер Л.Александровский жетекшілік жүргізді,ал құрылысты басқарған әскери-инженер Ц.Гумницкий болды.

1-Жүргізуші: Қазақстандық археологтар Алматының 1000 жылдан көне тарихын дәлелдейтін деректер барын айтады.Олар бұл датаны халықаралық мерейтойлар тізіміне енгізу үшін ЮНЕСКО-ға өтініш жолдауды ұсынады.

Алматы қаласы орнында бұрын көне қоныс болғаны баяғыдан белгілі. Кезінде шығыстанушы ғалым Василий Бартольд «16-ғасырда Алматы қаласының түбінде екі ханның ірі шайқасы болған» деп жазған. 1929 жылы қорымды қазу кезінде 1- ғасырда соғылған теңге табылған. Ғалымдар қала орнында 1-ғасырдан бастап бірнеше қоныс болған деп жорамалдайды. 1930 жылдары газеттер бұл фактілердің бәрін жазған.

2-Жүргізуші: Бұл деректер кейін де ашық жарияланды. 1960 жылы туристерге арнап шығарылған «Алматы және оның төңірегі» деген буклетте: «Осыдан 100 жылдан көп бұрын- 1854 жылы мұнда казактардың ежелгі қонысы Алматының орнына орыстар Верный әскери

бекінісін салған» деп жазылған. Бірақ көпке дейін Алматы қаласының тарихы 1854 жылдан басталады деп жазылып келеді. Олай болса Верныйдың тарихы жөнінде толығырақ Мұратова Құндыз айтып өтсін.

Әшімхан Мақпал: Алматы-1921 жылға дейін Верный атауымен аталған Қазақстанның ең үлкен қаласы. Ол Тянь-Шань тауларының Солтүстігінде, Іле Алатауының бауырында, Қазақстан Республикасының Оңтүстік-Шығысында орналасқан. Қаланың аумағы-170 шаршы километр. Қала тұрғындарының жартысынан көбі қазақтар құрайды. Қазақтардан басқа орыстар, ұйғырлар, татарлар, украиндар және т.б. ұлттар тұрады.

1854 жылы ескі қала қалдықтарынан Верный қаласы пайда болды. Кеңес Одағы жылдары қала атауы Алма-Ата болып өзгертілді. 1929 жылдан 1997 жылға дейін Алма-Ата Қазақстан астанасы болды.

1993 жылы тәуелсіздік туралы Ата заң қабылдаған сәттен бастап бұрынғы Верный одан кейінгі Алма-Ата Алматы деп өзгертілді.

Алматы-елдің ғылыми, мәдени, тарихи өндірістік және қаржы орталығы.

1-Жүргізуші: Алматы қаласы қазақ халқының мәдени орталығы, өнер-білім кені. Қазақ халқының оқу, білім, мәдени-ағарту жағынан өскендігін көрсетуге осы Алматы қаласының өзі тұлға болғандай.

Алматыда Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры, Михаил Лермонтов атындағы республикалық орыс академиялық драма театры, Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, Абай атындағы опера және балет театры, Ұйғыр және Корей музыкалық театрлары, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы, Орталық концерт залы сияқты танымал мәдени орталықтары бар. Алматы қаласының мәдени ошақтары жайлы мәліметті Шингисов Рауан айтып өтсін.

Орын Еркебулан: Мұхтар Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театры – Алматыдағы ірі қазақ театрларының бірі. Ол Абай даңғылында орналасқан.

Алматы қаласында 1926 жылы 13 қаңтарда М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», пьесасымен және халық өнерпаздары қатысқан үлкен концертпен тұңғыш рет театр шымылдығы ашылды 2006 жылы театр 80 жасқа толды. Мерейтойының қарсаңында Ә. Әмзеуліның «Қара кемпір», Қ. Ысқақтың «Қазақтар» атты жаңа қойылымдарын дайындады.

Лермонтов атындағы орыс драма театры 1933 жылы құрылған болатын. Театр өз кезегінде үлкен құрметке ие.

Лермонтов атындағы орыс драма театры бұрынғы және қазіргі көріністері

Өткен ғасырдың 60-ші — 80-ші жылдары театрдың көрнекті қойылымдары бүкіл республикаға танымал болды, ол Ф. Абрамовтың «Две зимы и три лета», А. Вампиловтың «Свиданье в предместье», «Прошлым летом в Чулымске», «Утиная охота», Д. Вассерманның «Человек из Ламанчи»

Сол жылдыры орыс актерлермен бірге қазақ артистері де ойынаған қойылымдар кейде жарық

көрді. Мысалы, КСРО-ның халық артисі Х. Бөкеева «Иван Грозный» спектаклінде Мария Тюмрюковнаны, ал А. Жолымбетов — Ханзаданы ойынаған. Сондай-ақ, КСРО-ның халық артисі Ш. Айманов «Голубые корни» қойылымда 1964 жылы М.Ю. Лермонтовтың 150-жылдығына орай театрға ақынның есімі берілді.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейі - Орталық Азиядағы байырғы, әрі ең ірі музейлердің бірі. Оның іргетасы 1831 жылы Орынборда Неплюев кадет корпусында Губернатор, Граф Сухтеленның бастамасымен қаланды. Музейдің кейінгі дамуына жазушы және этнограф-зерттеуші В.И.Даль еңбек сіңірді, бірегей коллекцияларды жинақтауға үлкен күш жұмсады. 1920 жылдары музей қорына тағы да 2 музей, Жетісу казактарының әскери және Республикалық атеизм музейлері біріктірілді.

ҚР ОММ коллекцияларында сан ғасырлардың айғақтары мен ескерткіштері қамтылған. Мұндағы сақтаулы экспонаттардың жалпы саны 215972 бірлікті құрайды (оның ішінде негізгі фондта 176 565) экспозицияға (көрмеге) 4383 зат қойылған Музей 1929 жылы Алматы қаласына көшіп Вознесенск кафедралды соборының ғимаратына орналасты. Сол кезде оған Жетісу облыстық музейінің коллекциялары қосылды.

1-Жүргізуші: Көп жылдар бойы Жазушылар, Журналистер, Композиторлар, Кинематографистер, Сәулетшілер, Суретшілер Одақтары басқармаларының орналасуы, жетекші ғылым, өнер, әдебиет қайраткерлерінің қызмет етуі Алматыны республиканың рухани орталығына айналдырды.

2-Жүргізуші: Алматы қаласы мәдениеті мен өнері жағынан кеңінен дамыған қала. Сонымен қатар Алматы қаласы көптеген оқу ошақтары шоғырланған қала. Осы жайлы қысқаша **Сматов Азиз** баяндап берсін.

Сматов Азиз: Еуразия технологиялық университеті (ЕТУ) – Қазақстан Республикасында 1948 жылы қаланған Алматы индустриалды техникумының базасы негізінде 1998 жылы құрылған технология, дизайн, құқық және педагогика, экономика және бизнес салалары бойынша 6000-ға жуық мамандар даярлады. еліміздің жас дамып келе жатқан жоғары оқу орындарының бірі. Сонымен қатар, біздің университеттің білім беру мекемесі ретінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымынан жоғары оқу орнына дейін дамытылған жарты ғасырдан аса тарихы бар.

► **Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы** (бұрынғы аты Алматы театр және кино институты) — театр және кино мамандарын даярлайтын мемлекеттік жоғары оқу орны.

► 1978 жылы Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының актерлік факультетінің (консерваторияға 1953 жылы Алматы көркемсурет училищесінен келіп қосылған актерлік бөлім) негізінде Алматы театр және көркемсурет институты болып ашылған.

► Институт театр, кино, көркемсурет және хореография бөлімдері бойынша он бір салада

мамандық даярлайды. Оқу мерзімі 4 жыл. Күндізгі және ақылы сырттай бөлімдер жұмыс істейді. Құрамында 6 факультет, 23 кафедра бар. Оқу 12 мамандық және 39 арнаулы мамандық бойынша жүргізіледі. 1062 студент оқиды. 322 оқытушы сабақ береді. Олардың арасында 16 халық артисі мен халық суретшісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының 24 лауреаты, 34 халықаралық және республикалық байқаулар мен фестивальдардың лауреаттары, 23 ғылым докторы, 52 ғылым кандидаты, 30-дан астам ҚР-ның білім беру ісінің үздігі бар.

► 1987 жылы институтқа Т.Жүргенов есімі берілді
 ► 2014 жылдың 26 - қыркүйегінде Елбасы өкімімен Бибігүл Нұрғалиқызы Нүсіпжанова, Т.Қ.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры болып тағайындалды.

1-Жүргізуші: Қаламыздағы кнеркәсіптер мен зауыттар туралы қысқаша мәліметпен **Совет Гүлнұр** таныстырады.

1-Жүргізуші: Алматы-еліміздің ең ірі көлік және байланыс торабы. 1992 жылы маусымда Алматы-Үрімші темір жол көлігі тұрақты қатынай бастады. Алматы әуежайы Жер шарының кез-келген мемлекетімен байланысуға мүмкіндік береді. Осы жайында толығырақ **Айтпекөв Саламат** айтып өтсін.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің сараптау саясатының арқасында ел экономикасы дамуда. Көлік саны көбейді. Бұл процесстерді әсіресе Қазақстанның ең үлкен қаласы Алматыдан байқауға болады. Елімізде пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 87,337 мың км, соның 17,67 мың км республикалық маңызы бар жолдар. Түрлі бағыттардағы көлік ағымдарын бөлу үшін Алматыда 28 жол айналымы салынды. Оның 12-сі 2007 жылдан бастап пайдалануға берілді.

2-Жүргізуші: Алматыда көптеген ғимараттар, білім ошақтары, мәдени мекендер бар. Сонымен қатар туристтерге, білім алушыларға және барлық қала тұрғындарына арналған саябақтар мен демалыс орындары, мәдени мекендер де көп. Алматының көрікті жерлерімен толығырақ таныстыратын **Жұмахан Айдос**

2-Жүргізуші: Биік шың, шырша –таулардың көркі, байлығы,

Ұмытар мұнда келгендер мұң мен қайғыны.

Делебең қозып тұрасың елтіп бұл жерде Жарқырап жатқан шақырып мұздың айдыны. Дей келе келесі кезекті **Даукен Гүлденге береміз.**

1-Жүргізуші: «Спорт денсаулық кепілі» демекші Алматы спорт жағынан республикада жетекші орын алып келеді. 1932 жылы алғашқы маманданған Қазақ республикалық спорт техникумы, 1945 жылы Қазақ дене тәрбиесі институты ашылды. 1929 жылы «Локомотив», 1931 жылы «Динамо», 1936 жылы «Спартак», «Локомотив», «Буревестник», «Еңбек резервтері», ал 1957 жылы «Еңбек» ерікті спорт қоғамы ұйымдастырылды. Қазақстан спортшылары ішінде алматылықтар алғаш рет Еуропа, Азия, Әлем чемпионаттарына және Олимпияда ойындарына қатысып, олардың жүлдегерлері немесе жеңімпазы болды. Алматыда қазір 500-ден астам дене шынықтыру ұжымдарында 350 мыңдай адам спортпен шұғылданады. Олардың қарауында 18 спортклубы мен 10-нан астам стадион бар. 1997 жылы Алматыда тұңғыш рет Орталық Азия ойындары өтті. Әрі қарай спорт кешендері мен Алматының спорт жағынан жеткен жетістіктерімен таныстыратын **Тілеу Жазерке**

2-Жүргізуші: Көңіл құсы шарықтар биік шыңға, Ойын, күлкі жетелеп шаттық жырға.

Алматының кең сарай отаулары Жарқырап тұр құлпыра, жақұт тұна. Демекші Алматы қаласының ойын сауық орталықтары жайлы Сыдық Мақпал айтып өтсін.

1-Жүргізуші: Алматы қаласы туралы ақын жазушыларымыздың өлеңдерінен үзінді. Молдақасымов Дәнеш, Нұрбай Жандарбек

2-Жүргізуші; Алматының 1000 жылдығына орай қаламыздың көрікті жерлеріне біраз саяхат жасайық.

Топпен серуен.

1-Жүргізуші: Құшағы ашық досқа да жатқа да мың Алматы деп ән салып шаттанамын Шуақ шашса көкте күн жерімізге Көк аспанға Ән моншақ лақтырамын Ән: «Сағындым Алматымды» орындайтын Совет Гүлнұр

2-Жүргізуші: Бүгінгі ашық тәрбие сағатын қорытындылай келе сөз кезегін топ жетекшісі Сорманисова Бахытгул Сайлауқызына сөз береміз.

Еңбекке ақы төлеу есебі. The types of payments

(біріккен сабақ жоспары)

Молдашева Мадениет Амановна
 арнайы пән оқытушысы
 Кабасова Канзия Айтпаевна
 ағылшын тілі оқытушысы
 Батыс Қазақстан «АТиСО» академиялық колледжі

Білімділік мақсаты: Еңбекке ақы төлеу есебі тақырыбы бойынша алған теориялық білімдерін, шоттар корреспонденцияларын құру, есептер шығару,сөзжұмбақ шешу арқылы ойын-сайыс

түрінде көрсете білу және ағылшын тілі лексикасын қолдану.

Тәрбиелік мақсаты: Мамандықты, тілді құрметтеуге, отан сүйгіштікке, ізденуге, өздерін

тұлға ретінде сезіне білуге, бәсекелестік, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Дамытушылық мақсаты: Оқушылардың материалды меңгеру және білімді қолдану дәрежесін, жүйелі ойлау және лексикалық, фонетикалық дағдыларын дамыту.

Сабақтың түрі: Біріккен сабақ

Сабақтың әдісі: Ойын-сайыс сабағы

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі

2. Топтың сабаққа дайындығын тексеріп, «Менеджер» және «Маркетинг» топшаларына бөлу.

3. Іскерлік ойын

1. Бухгалтерлік есептен оқытушы сұрақтар береді

(Мамандық атауларын қазақ-ағылшын тілдерінде атау)

Менеджер тобына:

Өнеркәсіп өндірісі жұмысшыларының мамандығын атаңдар (темір ұстасы-joiner, газбен пісіруші-gas-welder).

Маркетинг тобына:

Қызмет көрсетуші сала мамандықтарын атаңдар (жүргізуші-driver, телефонист-telephone-operator).

2. Өндірістік жағдай

Маркетинг тобына:

Қаржылық бухгалтериядан іссапардағы менеджер К.Р. Есалиевтің қызы әкесінің еңбекақысын сұрап, өтініш білдірді. Бұл қалай дайындалады (сенімхат арқылы, шығыс кассалық ордерімен).

Менеджерлер тобына:

Кәсіпорын күзетшісіне мейрам күндері жасаған жұмысы үшін ақы төленген жоқ. Неліктен төленбегені жөніндегі сұрақпен өандай лауазымды адамдар айналысу қажет, мейрам күндері жасаған жұмысқа ақы төлеу тәртібін анықтаңыз (мейрам күндерінде жұмысқа ақы екі есе есеппен төйленеді және сұрақты бухгалтерия шешеді).

3. Әр топтан бір адам компьютерде есте сақтау бойынша «Жұмыс уақытын есептеу табелін» толтыру

4. Карточка бойынша тапсырма орындау
Берілген сөздерді орыс-қазақ-ағылшын тілдерінде орналастыру

Еңбекақы - заработная плата - salary

Оклад – оклад - rate of salary

Табелдік нөмір - табельный номер - the time-board number

Табыс салығы - подоходный налог - tax

Кезекті демалыс ақысы - отпускные - delivery

Зейнетақы қоры - пенсионный фонд - Pensioner's Fund

Күндер – дни - days

Сағаттар – часы – hours

Баға – расценка – price

5. Бухгалтерлік есеп негіздерінен топ біріне-бірі сұрақ береді.

Мақалдар бойынша шоттарды атаңдар.

Маркетинг тобына:

«Ақша ақшаға келеді»- «Money makes money» (1010, 1030, 1050)

«Еңбек етсең емерсің»-«No bees,no honey, no work no money» (3350)

Менеджерлер тобына:

«Еңбек қылсаң ерінбей,

Тояды қарның тіленбей»- «No bees,no honey, no work no money» (3350)

«Ақша жолда жатпайды»- «Money doesn't grow on trees» (шот 7010)

6. Корреспонденция бойынша сұрақтар

Сұрақтар	Балдары			
1. Бухгалтерлік есеп негіздерінен				5
2. Ақша қаражаты тақырыбы	1			
3. Дебиторлық борыш тақырыбы		3		
4. Еңбекақыны есептеу тақырыбы			4	
5. ТМҚ есептеу тақырыбы				2

1. Алғашқы бухгалтердің фамилиясын атаңдар (Штехер)

2. Жұмысшылаға еңбекақы берілді (Дт 3350 Кт 1010)

3. Жабдықтаушыға талап қойылды (Дт 1280 Кт 3310)

4. Директорға еңбекақы есептеледі (Дт 7210 Кт 3350)

5. Қоймадағы ТМҚ есебі қандай өлшеммен жүргізіледі? (сандық).

7. Бухгалтерлік есеп тарихынан

Менеджерлер тобына:

Суретте қанадай бухгалтерлік есеп әдісі көрсетілген?



Жауабы: Баланс


Маркетинг тобына:

Осы есептің тарихын айтыңдар.



Жауабы: Хеопс пирамидасы құрылысындағы адамдарға берілген пияз, шалқан, сарымсақ саны пирамидада кесіп жазылған. Мұнда шығын нақ өнімдермен есепке алынған.

8. Сөз жұмбақ құрастыру



Көлденеңінен:

1. Мекеменің есеп бөлімінің қызметкері (бухгалтер-an accountant).
6. Шыққан өнімдерді, тауарларды тұтынушыға таныстыру (жарнама-advertising).
8. Отандық өндірушілердің тауарын басқа елдерге шығару (экспорт-export).
10. Шарт жасау негізінде клиенттің қаржылық жағдайы және есеп құжаттарын тәуелсіз тексеретін тұлға (аудитор-auditor).
12. Тауарды қабымен бірге өлшегендегі салмағы (брутто-gross).

Тігінен:

2. Банктің мекемеге беретін хабарламасы (авизо-advice).
3. Сату-сатып алу процесін реттеп және бақылап отыратын мекеме (биржа-exchange-market).
4. Тауар және қызметтің ақшалай бағасы (құны-price).
5. Тауарларды сатуға және сақтауға арналған орын (қойма-warehouse).
7. Ресми құжат (акт-act).
9. Нарықта сатылатын өнім (тауар-goods).
11. Өзі атынан және өз есебінен тауарды қайта сатумен айналысатын адам немесе фирма (дилер-dealer).

9. Еңбекақыны есептеу бойынша топтар біріне-бірі сұрақ береді.

Менеджерлер тобына:

Кесімді жұмысшы С.К. Жұбановтың еңбекақысын есептеңіз. Орындалған жұмыс көлемі: 16.11-400 бірлік (1 бір.-10,20); 17.11-360 бірлік (1бір.-10,30); 18.11-290 бірлік (1 бір.-10,50).

Маркетинг тобына:

Инженер А.Б. Хамитовке еңбекақы есептеу, ол 23 күн жұмыс жасады. Жұмыс күні бір айда 26, айлығы 72200 теңге, еңбекақының 15% сыйақы және жалпы еңбекақыны есептеңіз.

10. Топтың біріне-бірі дайындаған сұрақтары

Менеджерлер тобы:

Еңбекақы депоненттелді, қандай бухгалтерлік жазба құруға болады?

- A. Дт 3350 Кт 3390;
- B. Дт 3370 Кт 1060;
- C. Дт 3310 Кт 3350;
- D. Дт 3385 Кт 1010;
- E. Дт 3350 Кт 1010.

Маркетинг тобы:

Әкімшілік персоналдарға еңбекақы есептелді, қандай өткізбе құруға болады?

- A. Дт 3350 Кт 7210;
- B. Дт 1030 Кт 7210;
- C. Дт 7210 Кт 3350;
- D. Дт 8112 Кт 3350;
- E. Дт 3350 Кт 1010.

4. Ойын сабақты қорытындылау

